

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
«Журналистика» кафедрасы

ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ
ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
«БЕКТЕМІН»
Әлеуметтік-гуманитарлық
ғылымдар факультетінің
деканы С. Абжалов
«21» 10.05.2023 ж.

«Журналистика» кафедрасында 2022-2023 оқу жылы
барысында атқарылған тәрбие
жұмыстарының жылдық
ЕСЕБІ

Түркістан – 2023 ж.

1.Тәрбие жұмысын ұйымдастыру

«Журналистика» кафедрасының оқытушы-профессорларының құрамы 2022-2023 оқу жылындағы алғашқы отырысында (02.09.2022 ж.) тәрбие жұмыстарының жоспарын бекітті. Мұнда бірнеше маңызды мәселелермен қатар кафедраның атқаруы тиіс болған жұмыстары кафедра меңгерушісі Ә.Бельдибекова тарапынан кафедра оқытушы профессорларына бөлініп берілді. Сонымен кафедрада тәрбие жұмыстарын атқаруға жауапты болып профессор Б.Сердәлі бекітілді.

2022-2023 оқу жылының басында кафедра эдвайзерлерінің жүргізетін тәрбие жұмыстарының жоспарлары Б.Сердәлі тарапынан қарастырылып, керекті өзгерістер енгізіліп кафедраның тәрбие жұмыстарының жоспары дайындалды. Ол кафедра меңгерушісі тарапынан қаралып, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультетінің деканы тарапынан бекітілді.

2022-2023 оқу жылына профессор-оқытушылар құрамына деканат тарапынан кафедрада «Журналистика» ББ топтары 4 топ болып, жаңа оқу жылында оларға 4 эдвайзер мен әр топ басшылары тағайындалды.

Кесте 1 – Куратор және топ басшыларының тізімі

№	Мамандықтың аты	Курс ы	Студен т саны	Эдвайзердің аты-жөні
1	6В03239-Журналистика	1	14	Баешова Б.
2	6В03239-Журналистика	2	17	Тәжібаев Ғ.
3	6В03239-Журналистика	3	12	Сәдібеков А.
4	6В03239-Журналистика	4	14	Сердәлі Б.

2022-2023 оқу жылында аталған топтарда барлық кураторлар тәрбие сағаттарының күнтізбелік жоспарына сәйкес үнемі жиналыстар, кездесулер, сұхбаттар өткізіп отырды. Жоспардан тыс түрлі қоғамдық іс-шаралар, тәлімгерлік ашық сағаттар мен мерекелік кештер, мейрамдарға байланысты түрлі құттықтаулар жасалынып, концерттер де өткізілді. Жалпы 2022-2023 оқу жылында жоспар бойынша өткізілген тәлімгерлік ашық тәрбие сағаттарды және тақырыптарын төмендегі кестеден көруге болады.

Алдымен жалпы тәрбие жұмыстарының бағыттары айқындалды:

№	Жүргізілетін жалпы жұмыс бағыттары	Орындалу мерзімі
1	2	3
1	Мемлекеттік саясат және ҚР мемлекеттік рәміздерін қолдану, қазақстандық патриотизмге тәрбиелеуге шақыру жұмыстарына қатысу және ұйымдастыру.	Жыл бойы
1.1	Мемлекеттік рәміздермен таныстыру.	Қыркүйек
1.2	Жиналыстарға қатысу және ұйымдастыру (салтанатты жиылыс, көркем өнерпаздық концерттер, материалды көмек және т.б. қатысу), мемлекеттік мейрамдарға арналған «Республика күні», «Тәуелсіздік күні», «Конституция күні» мерекелеріне қатысу.	Үнемі
1.3	«Қазақстандық патриотизм, тұрақтылық және ұлтаралық келісім» конференциясына қатысу және ұйымдастыру.	Тәрбиелік жұмыс жоспары бойынша әр топта

№	Жүргізілетін жалпы жұмыс бағыттары	Орындалу мерзімі
1	2	3
1.4	«Менің туым, Елтаңбам, Әнұраным» акциясына қатысу	Тәрбиелік жұмыс жоспары бойынша әр топта
1.5	Дөңгелек стол жүргізуге қатысу: - «Қазақстан – менің елім»; - «Патриотизм» деген не; - «Қазақстандық патриотизм: мәселесі, құрылымы, құрылу жолдары»	Тәрбиелік жұмыс жоспары бойынша әр топта
2	Тарихи тұлғаларды, спорт, мәдениет және ғылым қайраткерлердің шығармашылығына шақыруға қатысу.	Тәрбиелік жұмыс жоспары бойынша әр топта
3	«Жыл студенті», «Жыл оқытушысы», «Өте жақсы эдвайзер» конкурстарының жеңімпаздарын студенттер, қызметкерлер және ОПҚ марапаттау жиналыстарына қатысу және ұйымдастыру.	Желтоқсан 2022 ж.
4	Жергілікті ақын-жазушылармен, журналистермен кездесуді ұйымдастыру.	Келісім бойынша
5.1	Студенттердің тәрбиелік сағаттарын ұйымдастыру;	Апта сайын
5.2	Мәдени – бос уақыттағы жұмыс (фестивальдар, пікір таластар, конкурстар, дөңгелек столдар).	Үнемі
5.3	Жастар ортасында тәрбиелік жұмыс ұйымдастыру семинарларына қатысу.	Үнемі
5.4	Өндірістік ортада, жалпы өмірде лидерлік көрсеткішті құру тәрбие семинарларына қатысу.	Үнемі
6	«Жасыл ел» және басқа жастар қозғалысы мен бағдарламаларда студенттердің қатысуын ұйымдастыру.	Тәрбиелік жұмыс жоспары бойынша
7	Жергілікті құқық органдары қызметкерлерімен экстремизм тоқтату сұрақтары туралы кездесу.	Келісім бойынша
8	Қазақстан Республикасының Президенті имиджі негізінде эдвайзерлық сағаттар жүргізу	Эдвайзерлық жұмыс жоспары бойынша
9	«Аманат» халықтық демократиялық партиясының жастар қанаты және басқа Республикалық және аумақтық жұмыстары мен жастардың ұйымдастыруына студенттерінің қатысуы.	Үнемі
10	«Таза қала – таза әлем» шарасына қатысу және ұйымдастыру.	2022 жылдың қыркүйек, қазан айларында. 2023 жылдың сәуір, мамыр айларында
11	Барлық мерекелік іс-шараларға белсенді қатысу	Үнемі
12	Кафедра отырыстарында тәрбие жұмыстарының мәселелерін қарастыру	Үнемі
13	Оқыту сапасының мониторингі	Үнемі
14	«Салауатты өмір салтын сақтау» Барлық спорт шараларына қатысу.	Жоспарға сай

Кесте 2 – Жоспар бойынша өткізілген ашық тәрбиелік сағаттар тізімі

Айы	Жұмыс түрі, іс-шаралар	Мазмұны	Жауапты
Қыркүйек	1. Кафедраның тәрбие жұмыс	Кафедра	Каф.менгерушісі

	жоспарын толықтырып, бекіту	жұмысын жоспарлы жүргізу мақсатында	
	2.Топ тәлімгерлерінің жұмыс жоспарын толықтырып, бекіту		Аға эдвайзер
	3.Үйірме жоспарын толықтырып, бекіту.		Б.Баешова, Ғ.Тәжібаев
Қыркүйек	1.«Мен таңдаған мамандығымды- мақтан тұтам» атты тақырыпта тәрбие сағаттар өткізу	Таңдаған мамандықты құрметтеу	Топ эдвайзерлері
	2. Тілге құрмет – елге құрмет”. Тіл тазалығы апталығы	Тілді құрметтеуге үйрету	Топ эвайзерлері
Қазан	1. “Өмір студенттер көзімен”. Фотокөрме	Студенттердің дүниетанымын қалыптастыру	Б.Сердәлі Топ эдвайзерлері
	2. “Поэзия патшалығында”. Жыр кеші	Студенттерді шығармашылыққа баулу	Б.Баешова, топ эдвайзерлері
	3. «Ұстазым менің-ұстазым» атты тәрбие сағаты	Ұстазды құрметтеу	Топ эдвайзерлері
	4.Ұлы ақын Мұқағалидың туган күніне арналған әдеби-музыкалық кеш	Студенттерді шығармашылыққа баулу	Топ эдвайзері
	5. «Мәңгілік достық» тақырыбында ТР егемендігіне арналған әдеби-музыкалық кеш	Бауырластыққа тәрбиелеу	Топ эдвайзері
Қараша	1. “Біздер, қыздар арасында”. Ток- шоу	Студенттердің бос уақытын мәнді өткізу	Топ эдвайзерлері
	2. “СПИД - ғасыр індеті”. Апталық	Студенттердің жаман әдеттен бойларын аулақ ұстауына үйрету	Топ эдвайзерлері
	3. «20-шы қараша шылым шегуге қарсы бүкіл әлемдік күрес» пікір алысу	Студенттердің жаман әдеттен бойларын аулақ ұстауына үйрету	Топ эдвайзерлері
	4. «Біз белсендіміз бе?» тақырыпта дөнгелек стол	Таңдаған мамандықты құрметтеу	Топ эдвайзерлері
	5. «Жастар демалысы» тақырыбында сұхбат және экскурсия ұйымдастыру	Тұған елді құрметтеуге баулу	Топ эдвайзерлері
Желтоқсан	1.“Қазақстан-Түркия: достық көпірі”. Фильм көрсетілімі	Бауырластыққа тәрбиелеу	М.Байболов
	2. Қабырға газеттерінің конкурсы	Мектептермен байланыс	Топ эдвайзерлері
	3. «Денсаулық» тақырыбында салауатты өмір салтын қалыптастыруға арналған кеш	салауатты өмір салтын қалыптастыруға	Топ эдвайзерлері
	4. «Ата заңым-ардағым» атты тақырыпта пікір алмасу	Ата-заңды құрметтеуге	С.Садықов, Топ эдвайзерлері

		баулу	
	5. «Кітап әлемі» тақырыбында сұхбат	Студенттерді әдебиет өнеріне баулу	Топ эдвайзерлері

Топ эдвайзерлері кураторлық жиналыстарға студенттердің белсенді қатысқандарын, жоспарланған кураторлық жұмыстарының толық орындалғанын өз хаттамаларында мәлімдейді. Топ эдвайзерлері өткізген тәрбие сағаттарының хаттамаларын жазып бір нұсқасын деканатқа тапсырды. Сонымен бірге кураторлық тәрбие жұмыстары үшін арнайы сағат бөлініп, сабақ кестесіне сәйкес жүйелі түрде өткізілуінің жастарды тәрбиелеуде тиімді жолдардың бірі болып табылатынын айтуға болады.

Жоспар бойынша 2022-2023 оқу жылында қарастырылуы тиіс болған тақырыптарды қысқаша атап айтсақ «Студенттерді оқу процессі, тәртіп ережелері және міндеттері мен құқықтары туралы түсіндіру», «Студенттерді жатақханамен орналастылуын қамтамасыз ету шараларымен айналысу», «Аралық бақылау нәтижелерінің қорытындысы және емтиханға дайындығын тексеру», және де әрбір жыл мезгілінің мереке күндеріне және университет деңгейінде жүргізіліп отырған іс-шараларға сәйкес ақпараттар әрбір тәлімгердің жеке тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес өз хаттамаларында орындалғанын мәлімдейді. Топ эдвайзерлері өткізген тәрбие сағаттарының хаттамаларын және жылдық тәрбие жұмыстарының есебін жазып, бір нұсқасын тәрбие ісі жөніндегі декан орынбасарына тапсырды. Сондай-ақ кураторлар жасаған жылдық тәрбие есебінің қорытындысына әрбір топтың сабаққа қатысуы мен сабақ үлгерімдеріне орай былайша топтадым:

2. Атқарылған мәдени, тәрбиелік, қоғамдық іс-шаралар.

Жоспардан тыс түрлі қоғамдық іс-шаралар мен мерекелік кештер, мейрамдарға байланысты түрлі құттықтаулар жасалынып, концерттер де өткізілді. Әсіресе осындай әр түрлі қоғамдық, спорттық, мерекелік іс-шараларға кафедра студенттері көптеген үлес қосты. Атап айтар болсақ:

- Факультеттер арасында ұйымдастырылған Студенттер спортакиадасында топ студенттері белсенділік көрсетуде.

2022-2023 оқу жылдығында болған түрлі мейрам күндерінде университет басшылығының тапсырысы бойынша жатақханаларда тәртіп шараларын күшейту мақсатында кафедра оқытушылары М.Байболов, Б.Баешова, Ғ.Тәжібаев т.б. бекітілген кестелерге сәйкес кезекшілік қызметін атқарды.

Қорытындылай келе айтар болсақ жалпы кафедраның ОПҚ-ы университетте өткізілген әр түрлі жиналыстарға, мәдени және қоғамдық іс-шараларға белсене қатысып отырды. Бұлардың арасынан айтар болсақ:

2022-2023 жылының қараша айының 27-ші жұлдызында Шерхан Мұртазаның мерейлі датасына орай 6В03239-Журналистика мамандығының білімгерлері арасында **«Түркістан қаласының медиасын дамыту концепциясы»** атты инновациялық жобалар сайысы ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараны ұйымдастырушы журналистика 1 курс кураторы Б.Баешова. Бұл іс-шараның мақсаты әлем бойынша Шерхан Мұртазаның мерейлі датасын атап өтумен қатар, маман иесі ретінде журналистика саласын өзіндік бағалау, яғни кемшіліктері мен потенциалын ескере отырып ұсыныстарды ортаға салу, елімізде журналистиканы дамытудың негізгі мақсаты қазіргі заманғы жоғары нәтижелі және бәсекеге қабілетті медиалық кешен құру, сол арқылы журналистика саласын экономиканың бір секторы ретінде әлемдік маңызын арттыру және халықаралық туристік орталықтардан кейін қалып қоймай, ары қарай дамыту болып табылады.

Сайысқа 1-ші курс студенттері, 3-ші курс студенттері мен 4-ші курс студенттері белсене қатысып ат салысты. Сайысты салтанатты түрде «Журналистика» кафедрасының меңгерушісі Ә.Бельдибекова ашып берді. Сайыс білімгерлердің Түркістан қаласындағы журналистика саласын жетілдірудегі жаңа идеялармен ұласты. Сайысқа қатысушы білімгерлердің жобалары бағаланып 1-ші, 2-ші, 3-ші орындармен марапатталды.

Қазан айының 17-ші жұлдызында «Журналистика» мамандығының дәстүрге айналған студенттік іс-шарасы ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шараға мамандықтың білімгерлері мен кафедра оқытушылар құрамы қатысты. Іс-шарасының өткізілу мақсаты – «Журналистика» мамандығында білім алып жатқан барлық білімгерлердің достығын нығайту, байланыс орнату арқылы журналистика саласының әлеуметтік, экономикалық және саяси маңызын арттыру болып табылады.

Іс-шарасына барлық студенттер белсене қатысып, өздерінің ерекшеліктерін, қасиеттерін мен қабілеттерін ортаға салды. Іс-шара анимациялық ойындармен жалғасын тапты.

18.10.2022 күні Журналистика кафедрасының оқытушысы Б.Сердәлі «Латын әліпбиіне көшу мәселелері» атты семинарын ұйымдастырды.

Жаңа әліпбиге көшу қазақ тілін меңгеруді жеңілдетеді деп Елбасымыз айтқандай әлемдік ақпараттық кеңістікке шығару үшін жағдай жасау болып табылатынын атап өтті.

Шынында да, соңғы кезде қазақ тілінің мәртебесі мемлекеттік тіл ретінде көтеріліп, оның ықпалы өзіміздің отанымызда да, шетелдерде де өсті. Шетелдік қазақтар өздерінің Қазақстанда тұратын отандастарымен қатынасқанда, латын жазуына негізделген ақпараттық жүйелерді қолданады. Шетелдіктерге де қазақ тілін үйренуге оңайырақ болады.

Жастардың көбісі латын әліпбиін қолданатын шет тілдерін білуге ынталы, қоғамның компьютеризациясы, интернеттің қолданылуы, батыс мәдениетінің теледидар, кино арқылы ықпалы, еуропалық сапа, талап – осының бәрі біздің қоғамымызды латын әліпбиіне итермелейді.

Қазіргі модернизация, инновация, цифровизация заманында қазақ тілін латын графикасына көшіру глобалдық коммуникацияға кіруге мүмкіндік тудырады және еліміздің бәсекелестігін арттырады.

Көтеріліп жатқан мәселе өте өзекті. Елбасы латын әліпбиіне көшудің маңыздылығын айтты, нақты бағыт-бағдарын көрсетіп берді. Енді оны халық болып қолдауымыз қажет. Бұл – заман талабы. Бастысы, әркім өз ісімен айналысуы керек. Сол үшін неше таңбаны пайдаланған жөн, ол жағын ғалымдар зерттеп, дәлелдеп, тиімді тұсын ұсынсын. Екінші мәселе, қыруар қаражат қажет дедік. Бұл мәселені шешу – үкіметтің міндеті.

Ал әр саланың мамандары өздеріне жүктелген міндетті бұлжытпай орындап, жүйелі жұмыс істеуі тиіс. Біз, қазақстандықтар көпшілік болып латын әліпбиін үйренуге, меңгеруге әзір екенімізді көрсетіп, осындай маңызды қадамға баруға ауызбіршілік танытқанымыз жөн деп ойлаймыз.

16.10.2022 күні Журналистика кафедрасының ғылыми семинарлар ұйымдастыруға жауапты ОПҚ-ы мен белсенді білімгерлері «Латын әліпбиіне көшу мәселелері» атты кіші семинарын ұйымдастырды.

Семинарға қысқаша шолу жасар болсақ: латын қарпіне көшу қазіргі заман талабына сай күрделі үрдіс екендігін атап көрсетті. Бұл қазақ тілінің жаңа әліпбиге көшу мәселесі қазір қоғамда қызу талқылануда. Жаңа әліпбиді енгізу үшін халыққа ұсынып пікірлер, ұсыныстар жинақталып талқыланып, кемшіліктер ескеріледі.

Бүгінгі таңда криилица жазуын әлемнің 12 мемлекеті ғана пайдаланады екен. Ал қалған мемлекеттердің көбі латын әліпбиін қолданады. Сондықтан Елбасының шешімін қолдап, оның ары қарай жүзеге асуына үлес қосуымыз қажет. Мақсат тілімізді одан әрі дамыту әлемдік кеңістікке шығу үшін жағдай жасау болып табылады.

Қазіргі таңда білім саласындағы жаңа реформаның жүзеге асырылуы да, яғни жаңартылған білім мазмұны осы латын әліпбиіне көшуде өз үлесін қосуы керек. Жалпы

бұл мәселе төңірегінде атқарылып жатқан негізгі бағыттарды, іс-шараларды қолдау баршаның міндеті әрі борышы деп білеміз.

ТОП ЭДВАЙЗЕРЛЕРІНІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША:

Эдвайзер Б.Баешова, 1-курс, ӘЖК-211 тобы:

2022-2023 оқу жылында қабылданған 1 курс студенттері ӘЖК-211, ӘСМ-211 тобы болып құрылды. Топта 18 студент білім алуда. Оның 13-і мемлекеттік грант, 4-Түрік гранты, 1-уі ақылыда білім алуда. Студенттердің үшеуі Түркия мемлекетінен, біреуі Өзбекстаннан, біреуі Қырғызстан Республикасынан келгендер.

Әр айда екі-үш рет басқосып, кураторлық сағаттар өтіп тұрады. 2022ж. қыркүйектің 9-жұлдызында алғашқы басқосу болып өтті. Куратор студенттерді білім күнімен құттықтап, өздеріне де сөз берді.

Басқосу барысында бірінші курс студенттерін жоғары курс студенттерімен таныстыру болды. Кафедрадағы барлық студенттер бас қосты. Сөз алған топ эдвайзері Б.Баешова студенттерге ақ жол тілеп, бұдан кейінгі уақыттарда бір-біріне бауыр болып, достық қарым-қатынаста болуды тілге тиек етті. Төрт курстың студенттері етене араласып, өз өнерлерінен де ақпарат берді. Университет ішіндегі қоғамдық жұмыстарға белсенді түрде араласу керектігі тілге тиек етілді. Алдағы уақыттарда университет белсенділер тобын құру, оған бірінші курс студенттерін де тарту жоспарланды. Бірінші курс студенттерінің арасында да белсенді, жан-жақты студенттер бары анықталды.



2022 жылдың қаңтар айының 16-ы кураторлық сағатта топ басшылары тағайындалды. Топ басшылары болып Медеу Аселя мен Абдимуталип тағайындалды. Екі студент те өте белсенді, сабақ үлгерімдері жақсы. Сонымен қатар осы күні топ іс-шаралар жоспары бекітілді.

Мына төмендегі кесте жұмысы бойынша жоспар түзілді:

Р/с	Жасалатын іс-шаралар	Орындалу уақыты	Өтетін орны	Жауаптылар	Орындалғандығы туралы белгі
1	1 Курс студенттерін студент қатарына қабылдау іс-	Қыркүйек	Мәдениет Орталығының үлкен залы	Мәдениет секторының жетекшісі топ кураторы, Бақытжан А.	

	шарасына қатысу				
2	Қарттар күніне байланысты «Жүрек жылуы» атты қайырымдылық акциясын өткізу	Қазан	Кафедра, Телестудия	Баспасөз секторының жетекшісі Бақытжан А.	
3	1-ші курс студенттерімен біріге отырып «Арман қанатында» атты танысу кешін өткізу	Қараша	Университет алаңқайы	Топ менеджері Жұматай Д.	
4	Қалалық БАҚ өкілдерімен кездесу	Қараша	Қалалық ардагерлер кеңесі	Ұйымдастыру секторының жетекшісі Базарбай А.	
5	«Ұлы дала елі» мұражайына саяхат	Желтоқсан	«Ұлы дала елі» мұражайы	Спорт мекторының жетекшісі Ұмытбаев С. Құдайберген Д.	
6	«Жатақхана – өз үйім» атты көңілді кеш өткізу	Желтоқсан	Жатақхана	Ұйымдастыру секторының жетекшісі Абдимутали Е.	
7	«Жастар – белсенділікке шақырады» атты Жастар ресурстық орталығымен іс-шара өткізу	Ақпан	Жастар ресурстық орталығы	Баспасөз секторының жетекшісі Медеу А.	
8	«Әз Наурыз қош келдің!» атты топтың мерекелік басқосуы	Наурыз	Кафедра	Топ мүшелері, топ кураторы	
9	«Факультет аруы аруы» атты факультетішілік байқау өткізу	Наурыз	Факультет	Тұрсынбай Н.	
10	«Күлкі – өмір ажары» атты сатиралық шығармалар байқауын өткізу	Сәуір	Кафедра	Ихтияр кызы Ч.	
11	«Тәуелсіздік тірегім» атты желтоқсан ардагерімен кездесу өткізу	Желтоқсан	Жатақхана	Тұрсынбай Н.	
12	Университет баспаханасына саяхат	Мамыр	«Тұран» баспаханасы	Дадаханова С.	
13	«Түркістан»	Мамыр	«Түркістан	Абилова А.	

	телеарнасына саяхат		» арнасы		
--	------------------------	--	----------	--	--

Осы кестеде көрсетілген іс-шаралар қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында өз кезегімен өткізілді.



2022 жылдың қазан айының 7-і қарттар күніне байланысты «Жүрек жылуы» атты қайырымдылық іс-шарасы өткізілді. Студенттер қарттар туралы өнегелі, даналық пікірлер мен баяндамалар ұсынды. Топ басшысы Медеу Аселя өз құрдастарына қарттар туралы өлең оқып берді.

2022 жылдың қараша айының 10-жұлдызында студенттер емтихан ережесімен таныстырылды. Куратор емтихан ережесімен, талаптарымен толыққанды таныстырып өтті. Студенттердің сабақ үлгеріміне баса назар аударылу керектігі сөз болды. Телефонды және шпорлы қағаздарды жасырын алып кірмеу, тіпті сөмкелерді де ұстап кірмеу керектігі қатаң ескертілді. Сонымен қатар емтиханға дейін ақылы оқитын студенттердің төлемақысы елу пайыз төлену керектігі де сөз болды.

Сонымен қатар барлық пәннен аралық бақылау бағалары дұрыс, жеткілікті шекте болуы да ескертілді. Бірінші курс болғандықтан студенттердің барлық сұрақтарына жан-жақты, толыққанды жауаптар берілді.



2022 жылдың желтоқсан айында факультетішілік «Үздік топ» атты байқау ұйымдастырылған болатын. Бірінші курс студенттері белсене атсалысып, студенттік қызық шақ туралы бейнеролик түсірді. Нәтижесінде ӘЖК-211 тобы бірінші орынға, ӘСМ-211 тобы екінші орынды иеленді. Өздерінің қызығы мол студенттік шақтары туралы түсірілген бейнероликтері көптің назарына ілініп, жүлделі орындарды алды.



Факультеттің ұйымдастыруымен «Үздік студент-2022» атты байқауында топ басшысы Медеу Аселя «Үздік студент-2022» атанып, екінші орынға ие болды.



Жарты жылда жоспарланған іс-шаралар әлі де жалғасын табады. Жұмыс жоспарында көрсетілген іс-шаралар екінші жарты жылдықта нәтижелі, жемісті болары анық.

2022 жылдың желтоқсан айында белгілі журналист Бейсен Құранбекті еске алу мақсатында өткізілген үздік бейнесюжет байқауында топ старостасы Медеу Аселя жүлдері орын алып, бағалы сыйақымен марапатталды.



Осындай бірнеше байқаулардан бұрын да көзге түскен Медеу Аселя көптеген байқауларға қатысып, көзге түсіп жүр. Топ студенттерінің ішінде белсенділер баршылық. Студенттік конференцияларға да қатысып, бақ сынағандар да бар.

2023 жылдың қаңтар айында студенттер қысқы демалыста болып, 2023 жылдың ақпан айында сабаққа келді. Ақпан айының 9 жұлдызында «Жастар белсенділікке шақырады» атты кураторлық сағат болып өтті. Топ басшысы Медеу Аселя өзінің құрдастары туралы, студенттік өмірдің қызықтары туралы әдемі естеліктерімен бөлісті.



2023 жылдың 8 наурызында «Мереке күніңмен» атты мерекелік басқосы болып өтті. Студенттер дастархан басында басқосып, мерекелік іс-шара жасады. Жүрекжарды ақ тілектерін айтып, әсем әнмен де кештің ажарын аша түсті. Түрік студенттері өз тілдерінде әдемі естеліктер мен әндер айтса, қырғыз елінен келген Чынарай «Аначым өзінсің - бағым» атты әсем өлеңін тарту етті.



Бірлігі мен ынтымағы жарасқан топ студенттері осындай игі шараларды жиі өткізіп тұрады.

2023 жылдың 17 сәуірінде Қозы Көрпеш Баян сұлу күніне байланысты «Махаббатсыз дүние бос» атты университет көлеміндегі айтулы іс-шараға да белсенді атсалысты. Аталмыш іс-шарады би билеп, ән айтып, көкрермен ықыласына бөленді. Бірінші курс студенті Медеу Аселя сахна төрінде жүргізуші де болды.



Аталмыш шараға университет студенттері мен көптеген қала қонақтары да келді. Журналистика білім беру бағдарламасының талантты студенттері үлкен сахнада өз өнерлерін ортаға салды.

2023 жылдың мамыр айының 4 жұлдызында Кентау қаласындағы Дайындық кампусына барып, концерттік бағдарлама ұсындық. Журналистика білім беру бағдарламасының бірнеше талантты студенттерінің қатарында өнер көрсеткен бірінші курс студенттері де өз өнерлерімен көптің көңілінен шықты.

Жыл бойы атқарылған іс-шаралар келесі оқу жылында да іске асырылуы назарға алынары сөзсіз.

Студенттер арасында орын алған тәртіп бұзушылық, қолданылған іс-шаралар.
Кафедра мамандықтарының студенттері арасында тәртіп бұзушылық орын алған жоқ.

Эдвайзер Б.Сердәлі, 4-курс, ӘЖК-911 тобы:

2022-2023 оқу жылында кафедрa өкімімен тәрбие жұмыстары бойынша жоспар түзіліп, күнтізбелік жоспар бекітілді. Жыл бойы жоспарланған бағдарлама толық орындалды.

Кафедраішілік іс-шаралар

«Тарихқа құрмет-ұрпаққа міндет» тақырыбында топ онкүндігі өтілді. Жоспар бойынша дәрісханадан тыс іс-шаралар өткізді. Сонымен қатар кітапханамен бірлесе отыра студенттерге арнап тарихи кітаптармен таныстырылым көрмесі болды, әр топқа сабақтан кейін тарихи кинолар мен деректі фильмдер көрсетілді.

Тәлімгерлік ететін ФЖК-911 тобында тәрбие жұмыстары жүргізілді. Сабақ барысында тәрбиелік мәні бар, кішіпейілділікке, адами қасиеттерге үйрететін, баулитын материалдар іріктеліп қолданылды. Топ тәлімгерлерінің өткізген ашық сабақтарына қатысып отырдым. Өзім ФЖК-911 тобына кураторлық еттім. 22 қыркүйек Тілдер мерекесіне орай «Туған тілім - тұғырым», Қазан айында қала күніне орай «Түркістан – еліміздің рухани орталығы», 3 желтоқсанда «Ғасыр індеті» «Тәуелсіздікке 30 жыл», «Үш бәйтерек: Сәкен, Бейімбет, Ілияс» атты танымдық-музыкалық ашық тәрбие сағаттары өтті.

Топ басшысымен бірге тәрбие жұмыстарының жоспарын бекітіп, формасын анықталды, жауаптылар белгіленді. Студенттердің үлгеріміне мониторинг жасалды. Аралық және қорытынды бақылау бойынша онлайн-семинар өткізілді. Топ тәлімгерімен бірге онлайн-жиналыс өткізіп, хаттамаладық. Облысқа белгілі журналистермен бірге дөңгелек үстел ұйымдастырдық. Жатақханадағы студенттермен әңгіме жүргізіп отырдық. «Оңтүстік Қазақстан» газетінің меншікті тілшілері Қ.Зайнишев пен Ә.Қыдырбекпен онлайн кездесу өтті. «Жастар ұйымы – белсенділікке шақырады» атты Жастар ресурстық орталығының басшысы А.Өміртаймен онлайн баспасөз-мәслихаты өткізілді. Топ жұмысы бойынша кафедра мәжілісінде есеп берілді. Президент Жолдауы талқыланды. «Менің университетім» эссе байқауы өтті. «Түркістан» газеті ұжымымен онлайн кездесу, «Тұран-Түркістан» газеті ұжымымен онлайн дөңгелеу үстел өтті.

3.1.10.2 Ғылыми-шығармашылық жұмыстар бойынша білім алушылар арасындағы жүлдегерлерге жетекшілік:

1. **«Толеранттық танымы – жастар жолымен»** республикалық шығармашылық байқауы Бектұрова С. – 3 орын

4.1.1.1 Білімгерлермен кездесулер, жиналыстар, дөңгелек үстелдер, кеңес берулер өткізу

1. **Желтоқсан куәгерлерімен радиосұхбаттар ұйымдастырылды**

Жеңіс Жапековпен сұхбат

Жанат Жұмаділлаевамен сұхбат

4.1.2.Білімгерлерді азаматтық, патриоттық, көшбасшылық қасиеттерді дамыту мақсатында қоғамдық-саяси және әлеуметтік шараларға жұмылдыру

1. **«Ел рәміздеріне құрмет»** тақырыбында чөлөндж ұйымдастырылып, әлеуметтік желілерге тарқатылды

Эдвайзер Ғ.Тәжібаев, 2-курс, ӘЖК-111 тобы:

2 курс студенттері ӘЖК-111 тобында 31 студент білім алуда. Оның 28 Түркия квотасы, 2 Түрік дүниесі гранты жән 1 ақылы білім алушы бар. Фаундейшн тобында 12 студент, жай топта 19 студент білім алуда. Шетелдік студенттер: Түркия-1, Хакасия(РФ)-1, Қытай халық республикасы-1. Қалған 27 студент Қазақстан Республикасының азаматы.

Университеттің, факультеттің, кафедраның мәдени-көпшілік іс-шараларына қатысумен қатар, студенттердің сабағына, тәрбие жұмыстарына да баса көңіл бөліп отырамыз. Ол жөнінде есеп жазылып, аға кураторға өткізіледі.

Студенттер жатақханасында жиі болып тұрамын, әр студенттің тұрмыс-тіршілігімен танысып, олармен өздерімен сөйлесіп және ата-аналарымен тығыз байланыста жүремін.

Тәлімгерлік жасайтын ӘЖК-111 тобында 31 студент бар, оның ішінде 28 квота және 2 Түрік дүниесі гранты, 1 ақылы негізде білім алады. Оқу жылын топтың тәрбие жоспарына сәйкес жоспарланған бағыт бойынша тәрбие сағаттар өткіздім. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру және өткізу деңгейі талапқа сай өткізілді.

2023 жылдың маусым айының 11-жұлдызында студенттер емтихан ережесін қайта еске салып түсіндірме жұмысын жүргізді. Куратор емтихан ережесімен, талаптарымен толыққанды таныстырып өтті. Студенттердің сабақ үлгеріміне баса назар аударылу керектігі сөз болды. Телефонды және шпорлы қағаздарды жасырын алып кірмеу, тіпті сөмкелерді де ұстап кірмеу керектігі қатаң ескертілді. Сонымен қатар емтиханға дейін ақылы оқитын студенттердің төлемақысы елу пайыз төлену керектігі де сөз болды.

Сонымен қатар барлық пәннен аралық бақылау бағалары дұрыс, жеткілікті шекте болуы да ескертілді. Бірінші курс болғандықтан студенттердің барлық сұрақтарына жан-жақты, толыққанды жауаптар берілді.

2023 жылдың 17 сәуірінде Қозы Көрпеш Баян сұлу күніне байланысты «Махаббатсыз дүние бос» атты университет көлеміндегі айтулы іс-шараға да белсенді атсалысты. Аталмыш іс-шарады би билеп, ән айтып, көкрермен ықыласына бөленді. Бірінші курс студенті Медеу Аселя сахна төрінде жүргізуші де болды.



Аталмыш шараға университет студенттері мен көптеген қала қонақтары да келді. Журналистика білім беру бағдарламасының талантты студенттері үлкен сахнада өз өнерлерін ортаға салды.

2023 жылдың мамыр айының 4 жұлдызында Кентау қаласындағы Дайындық кампусына барып, концерттік бағдарлама ұсындық. Журналистика білім беру бағдарламасының бірнеше талантты студенттерінің қатарында өнер көрсеткен бірінші курс студенттері де өз өнерлерімен көптің көңілінен шықты.

Жыл бойы атқарылған іс-шаралар келесі оқу жылында да іске асырылуы назарға алынары сөзсіз.

Топқа арналған тәлімгер журналы мен жұмыс жоспарлары әзірленген. Жалпы топ студенттерінің сабағы, тәртібі жақсы. Топ басшылары: Қайратқызы Актілек, Шәкірбай Балжан. Тәрбие жұмысын ұйымдастыру және өткізу университет қойған талапқа сай. Оның сапасы мен өткізілу мерзімін кафедра меңгерушісі, доц. м.а. А.Бельдибекова, кафедра аға кураторы, профессор Б.Сердәлі тарапынан қадағаланып отырады.

Білімгерлер тізімі

2022-2023ж.

6B03239-Журналистика білім беру бағыты бойынша ӘЖК-111

№	Аты-жөні	Туған күні	Оқу түрі
1	Сайрамбай Асылай Бақтыбайқызы	04.08.2004 жыл	Квота
2	Аманова Аяужан Сәкенқызы	05.01.2004 жыл	Квота
3	Шәкірбай Балжан Айдарханқызы	17.02.2007 жыл	Квота
4	Исаева Нұрай Әділханқызы	11.06.2004 жыл	Квота
5	Серікқызы Диана	30.11.2004 жыл	Квота
6	Абылай Ту-бегі Әлжанұлы	20.06.2004 жыл	Квота
7	Сандыбаева Динара Нұркен Қызы	17.09.2004 жыл	Квота
8	Нұраш Әбілқайыр Олжасұлы	30.07.2003 жыл	Квота
9	Мұратбекқызы Арайлым	31.05.2004 жыл	Квота
10	Маден Арайлым Сансызбайқызы	21.09.2003 жыл	Квота
11	Әбдіғали Көркем	26.10.2004 жыл	Квота
12	Саурбаева Назым	01.12.2003 жыл	Квота
13	Әкбар Айын	16.03.2000 жыл	Квота
14	Тоқтасын Аяулым	16.05.2003 жыл	Квота
15	Нұрғали Айдана Ержан Қызы	12.03.2004 жыл	Квота
16	Шалқарбек Жұлдыз	02.11.2004 жыл	Ақылы негізде
17	Бекжан Арайлым Абдуллақызы	15.02.2003 жыл	Квота
18	Жумахметова Гүльдана	17.03.2004 жыл	Квота
19	Максимова Снежанна Васильевна	09.12.2002 жыл	ТТЕ
20	Аманбек Біржан	04.08.2004 жыл	Квота
21	Арисбекова Нұрай	05.01.2004 жыл	Квота
22	Өзімхан Дархан	17.02.2007 жыл	Квота
23	Барлыбай Аружан	11.06.2004 жыл	Квота
24	Берекешова Ақерке	30.11.2004 жыл	Квота
25	Қайратқызы Актілек	20.06.2004 Жыл	Квота
26	Құрманбек Дана	17.09.2004 жыл	Квота
27	Сәрсенәлі Жансая	30.07.2003 жыл	Квота
28	Тәжібай Назерке	31.05.2004 жыл	Квота

29	Сейтжапбар Уахит	21.09.2003 жыл	Квота
30	Тілеуберген Бекболат	26.10.2004 жыл	Квота
31	Гүрмен Мұрат Шериф	01.12.2003 жыл	ТТЕ

ФЖК-011 тобында білім алатын студенттердің 1-2-курста қол жеткізген жетістіктері

Тілеуберген Бекболат

- Алғысхат : «Аманат» жастар қанатының төрағасы
- Мерзімі: 2022



Шәкірбай Балжан

- Байқау атауы : Студенттер арасындағы XXXI ғылыми-теориялық конференция
- II Дәрежелі диплом
- Мерзімі: 2022



Шәкірбай Балжан

- Байқау атауы : Студенттер арасындағы XXXI ғылыми-теориялық конференция
- II Дәрежелі диплом
- Мерзімі: 2022



Тілеуберген Бекболат

- Алғысхат : Үздік төрешілік
- Мерзімі: 2022



Әдвайзер Ә.Тәшімова, 3-курс, ӘЖК-011 тобы:

2022-2023 оқу жылында 18 студент білім алуда. Ай сайын екі-үш рет басқосып, кураторлық сағаттар өтіп тұрады. 2022 ж. қыркүйектің 9-жұлдызында алғашқы басқосу болып өтті. Куратор студенттерді білім күнімен құттықтап, өздеріне де сөз берді.

Сонымен қатар осы күні топ іс-шаралар жоспары бекітілді. Мына төмендегі кесте жұмысы бойынша жоспар түзілді:

Р/с	Жасалатын іс-шаралар	Орындалу уақыты	Өтетін орны	Жауаптылар	Орындалғандығы туралы белгі
1	«Білім күні» мерекесіне орай іс-шара	Қыркүйек	Мәдениет Орталығының үлкен залы	Мәдениет секторының жетекшісі, А.Әбдіжаппар, топ әдвайзері	
2	Қарттар күніне байланысты «Қарттарым аман-сау жүрші» атты қайырымдылық шарасын өткізу	Қазан	Кафедра, Телестудия	Баспасөз секторының жетекшісі, А.Алпысбаева	
3	1-ші курс студенттерімен біріге отырып «Арман қанатында» атты танысу кешін өткізу	Қараша	Университет алаңқайы	Топ басшысы С.Жаңылшаева, А. абдрахман	
4	Халықаралық студенттер күніне	Қараша	518-аудитория	Ұйымдастыру секторының жетекшісі	

	орай «ХҚТУ достық мекені» тақырыбында Әңгіме өткізу			Ибрахим Аманбай	
5	«Тәуелсіздік тірегім» атты желтоқсан ардагерімен кездесу өткізу	Желтоқсан	Жатақхана	Топ жетекшісі, белсенді студенттер	
6	«Жатақхана – өз үйім» атты көңілді кеш өткізу	Желтоқсан	Жатақхана	Мәдениет секторының жетекшісі, А.Әбдіжаппар, белсенді студенттер: З.Абен, Қ. Досанхан;	
7	«Поэзия сен менімен егіз бе едің?...»	Ақпан	518 аудитория	Мәдениет секторының жетекшісі, А.Әбдіжаппар, А.Алпысбаева.	
8	«Әз Наурыз кош келдің!» атты топтың мерекелік басқосуы	Наурыз	Кафедра	Топ мүшелері, топ кураторы	
9	«Факультет аруы аруы» атты факультетішілік байқау өткізу	Наурыз	Факультет	Н.Тогызбаева, С.Жаңылшаева	
10	«Күлкі – керуен» атты сатиралық шығармаларды оқып-талдау сағаты	Сәуір	Кафедра	Аян Атабек, Қ.Досанхан, т.б.белсенді студенттер	
11	Қаланың белгілі журналистері мен кездесу	сәуір	«Түркістан » газеті редакциясы		
13	1. «Бір шаңырақ астында»	Мамыр	518 аудитория	Мерт Акбаш, Г.Ниязова	
14	«Түркістан» телеарнасына саяхат	мамыр	«Алатау медиа» ғимаратына танымдық экскурсия	Топ старостасы, белсенді студенттер	

Осы кестеде көрсетілген іс-шаралар қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан айларында өз кезегімен өткізілді. Бірлігі мен ынтымағы жарасқан топ студенттері осындай игі шараларды жиі өткізіп тұрады.

Наурызға байланысты іс шараларды қатысуда топ белсенділік танытты.

Топ старостасы С.Жаңылшаева: Наурыз мейрамы - көктем мейрамы және Орталық Азия халықтарының Жаңа жылы. Бұл мереке бірнеше мың жылдан бері аталып келеді. Парсыша «наурыз» бірінші айдың бірінші күні дегенді білдіреді. Бұл айды соғдалықтар «наусарыз», хорезмдіктер «наусарджи», армяндар «навасарди», чуваштар «норас-ойахе» деп атаған. Қазақстанда кеңес заманында талай жылдар бойы діни мереке деп саналып, тыйым салынды. Соңғы рет 1926 жылы тойланған Наурыз мейрамы Қазақстанда 1990 жылдардың басында қайтадан ресми түрде атала бастады. 2001 жылы Наурыз мейрамы мемлекеттік мереке ретінде жарияланды. Күн мен түннің теңеліп, жан-дүниені тірілткен, шаруаның бір малы екеу болып, арқа-басы кеңіп, аққа аузы тиген, қытымыр қыстың ызғарынан құтылып, алдағы шуақты күндерден үміттендірген Наурыз мерекесі Тәуелсіз еліміздің зор ықыласпен тойланатын нағыз халықтық сипаттағы салтанатына айналды. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен 2010 жылдан бері Қазақстанда Наурыз мейрамы үш күн бойы тойланып келеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен 2010 жылы Наурыз халықаралық мейрам мәртебесіне ие болды. Наурыз мейрамы аясында міндетті түрде атқарылатын рәсімдер баршылық. Мәселен, наурыз көже дайындалады, апаларымыз қысқы соғымның әбден сүрленген қадірлі мүшелерін осы күні қазанға салады. Соғымға сойылған малдың басы немесе шекесі қосылып, қазы-қарта, жал-жая қазанға түседі. Ет сорпасына көже қайнатады. Оған тары, арпа, бидай, бұршақ, күріш сияқты жеті түрлі дән мен ақ қосады. Тұз бен суды қосқанда дәмнің саны тоғыз болуы тиіс. Түркі халқының ұғымында жеті мен тоғыз және қырық - аса киелі сандар. Сол себепті наурыз көже аса қасиетті тағам болып саналады. Оған қоса, ол - тоқшылық пен ырыс-құттың жоралғысы. Наурыз мерекесі жадыраған жазды қарсы алар көктемнің басы болғандықтан, оны қазақтар «Самарқанның көк тасы жібіген күн» деп те атайды. Бұл бүкіл табиғат ананың тоңы жібіп, жаны кіретін тіршілік басы дегенді білдіреді.

Топ белсендісі Н.Тоғузбаева: Сондай-ақ бұл күні көңілінде кірбіңі барлар татуласады, адамдар бір-бірінің үйіне кіріп, құтты болсын айтады, бұлақ көзін ашады, алдын ала үйін, ауласын кір-қоқыстан тазартады. Наурызды «жыл басы» деп танығанымен, оның барша болмысын, философиясын жыл алмасумен шектемейді. Осы күндері дүниеге келген сәбилерге Наурызбай, Наурызгүл сынды есімдер беріледі. Жер иесі - Қыдыр ата елді, үйді аралап, бақыт сыйлайды, бата береді деген сенім-наным және бар. Ұлы Абай айтқандай: «...ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурызнама қыламыз деп, той-тамаша қылады екен». Дәстүр бойынша бұрын Наурыз мейрамын бүкіл ауыл-ел болып, әсіресе жастар жағы түгелдей таң шапағатын қарсы алып, арықтарды тазалап, су жіберуден, ағаш отырғызып, гүл егуден бастайды. Бұл күн жер-жерде ат бәйгесі, көкпар тарту, қыз қуу, палуандар күресі тектес ұлттық ойындардан сайыстар ұйымдастырылады. Наурыз мейрамында әркім жылы шырай сезіне бастап, сағынышты көрісулерімен, жалынды құшақтасуларымен жаңа жылды қарсы алады.



Әсіресе

2023 жылдың 17 сәуірінде Қозы Көрпеш Баян сұлу күніне байланысты «Махаббатсыз дүние бос» атты университет көлеміндегі айтулы іс-шараға да топ студенттері белсенді атсалысты. Аталмыш іс-шарады би билеп, ән айтып, көрермен ықыласына бөленді.




Аталмыш шараға университет студенттері мен көптеген қала қонақтары да келді. Журналистика білім беру бағдарламасының талантты студенттері үлкен сахнада өз өнерлерін ортаға салды.

2023 жылдың мамыр айының 4 жұлдызында Кентау қаласындағы Дайындық кампусына барып, концерттік бағдарлама ұсындық. Журналистика білім беру бағдарламасының бірнеше талантты студенттерінің қатарында өнер көрсеткен бірінші курс студенттері де өз өнерлерімен көптің көңілінен шықты.

ФЖК – 011 және ФЖК - 011 F топтарының эдвайзері А.Ташимованың жетекшілігімен Қазақстан Республикасын мекендеген ұлттар мен ұлыстар достығы және бірлігіне арналған «Бір шаңырақ астында» тақырыбында баяндама жасалды. Баяндаманы Гүлжан Ниязова мен Мерт Акбаш жасады.

«Қазіргі таңда елімізде 130 - дан астам ұлт өкілдері тұрады. Қазақстан Республикасын мекен еткен 130-дан астам ұлт өкілі күні бүгінге дейін ынтымақтастыққа, бір үйдің баласындай тату-тәтті жарасымды тіршілік кешіп келеді. Жүзі басқа болғаны мен жүрегі бір, тілі басқа болғанымен тілегі бір, мақсат-мүддесі ортақ, бірлігі мықты, достығы берік ұлттар, қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды, сондай-ақ қазақ халқының қарапайымдылығы, қонақжайлылығы, бауырмалдылығы үшін ерекше бағалайды, бастысы-өздері қоныс тепкен Қазақстан жерінің барлық ұланымен ауыз бірлікте, туыс болуды көздейді.

«Қазақта бірлік болмай, тірлік болмайды» – деген ұлағатты ұғым бар. Ендеше елімізде бейбіт өмір сүріп жатқан ұлттар мен ұлыстар өкілдерінің татулығы артып, қазақ елінің өркендеуіне өз үлесімізді қоса берейік.



Жыл бойы осындай бағыттағы іс-шаралар кесте бойынша жүйелі түрде жүргізіліп тұрды.

СТУДЕНТІК КЛУБТАР, ҮЙІРМЕЛЕР, ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІКТЕРДІҢ АТҚАРҒАН ЖҰМЫСТАРЫ БОЙЫНША:

**Журналистика кафедрасының жанынан құрылған «Дәуір» радиостудиясының 2022-
23 оқу жылында орындалған жұмыстарының жылдық**

Е С Е Б І

«Дәуір» радиостудиясы 2022 жылдың қыркүйек айында жұмысын жалғастырды. 2022 жылдың 9-шы қарашысында алғашқы отырысы болып, жұмыс жоспары бекітілді. Сол күні радиостудия мүшелері де жасақталды. Ниет білдірген 25 студент мүше болып тізімге қосылды. Негізгі шығармашылық топ:

1. Асадбек Ергешұлы

2. Ерқанат Балтабай
3. Сандуғаш Бектурова
4. Толғанай Батырхан
5. Динара Бектас
6. Бақдәулет Нұрилла
7. Аселя Медеу
8. Дінмұхаммед Құдайберген

Аталған студенттер ішінде 1-4 курс аралығының студенттері бар. Ректорат кешеніндегі 1.602 радиостудиясы осы күні іске қосылып, жоспарланған жұмыстар басталды.

Радиостудия жұмыс жоспарында бекітілген іс-шаралар өз кезегімен атқарылды. 16-шы қыркүйек күні студенттерге радиостудия мақсаты мен міндеттері толыққанды таныстырылды. Радио туралы, тарихы мен дамуы, «Қазақ радиосы» туралы жан-жақты ақпарат берілді. Студенттердің қызығушылығын арттыру мақсатында «Радио ғұмыр» атты «Қазақ радиосы» туралы деректі фильм көрсетілді. Ғасырлық тарихы бар қара шаңырақ туралы толыққанды ақпарат беретін фильм студенттерге танымдық ой-пікір қалыптастырды.

Қыркүйек айының 30-ы кафедраның студенттерінің жазғы оқу-өндірістік тәжірибе материалдарының таспалары қаралды. Алдағы уақыттарда мұрағат ретінде жинап, сақтау жоспарланды.

2022 жылдың 7-қазанында радиостудияда алғашқы жазбалар басыла бастады. «Менің үнім» атты поэзиялық бағдарламалар жасалды.

2022 жылдың 29-қазанында «Жаршы» хабарына жаңалықтар жинақтау жұмысы туралы толыққанды мәліметтер берілді. Алдағы уақытта «Жаршы» бағдарламасына топтық жұмыстар ұсынылмақ.

Әрбір басқосыда дикцияны жақсартатын жаттығулар жасалып, тренингтер ұйымдастырылып тұрады.

2022 жылдың 18-қарашасында «Студенттік кезеңнің қызықты шақтары» деген радиоөнім жасады. Нәтижесінде факультеттік байқаудан алғашқы орынға ие болды. Сонымен қатар кафедра студенттерінің жетістіктері туралы да ақпараттар жинап, өнім жасау жоспарланды.

Радиостудияда әрбір шығармашыл жастың қаламы ұшталып, зейіні арта түсері сөзсіз.



Журналистика кафедрасының жанынан құрылған «Баспасөз» үйірмесінің 2022-23 оқу жылында орындалған жұмыстарының жылдық

Е С Е Б І

«Баспасөз» үйірмесі 2022 жылдың қыркүйек айында жұмысын бастады. 2022 жылдың 15 қарашысында алғашқы отырысы болып, жұмыс жоспары бекітілді. Сол күні үйірме мүшелері де жасақталды. Ниет білдірген 20 студент мүше болып тізімге қосылды. Негізгі шығармашылық топ:

1. Ниязова Гүлжан
2. Дадахан Асадбек
2. Аманбай Ибрахим
3. Бектурова Сандуғаш
4. Нығмет Ербақыт
5. Медеу Асел
6. Батырхан Аружан
7. Сейнасипова Шолпан
8. Тоғызбаева Назым
9. Мерт Акбаш
10. Құмаргүл Досанхан

Үйірме мүшелері апта сайын жиналып, мақала, ақпарат жазудан ішкерлік сағаттарын өткізіп тұрамыз. Үздік, жақсы деп танылған мақалалар іріктеліп, университеттің «Ясауи университеті» газетіне және қалалық газетке ұсынылады. Нығмет Ербақыттың, Назым Тғузбаева, Құмаргүл Досанханның материалдары университет газетіне, Гүлжан Ниязова мен А.Алпысбаеваның мақалалары қалалық «Түркістан» газетінде жарық көрді. Алдағы үйірме мүшелерінің қатысуымен «Аудитория» қосымшасын қалалық «Түркістан» газетінде шығармақпыз

Журналистика кафедрасының жанынан құрылған «Фото» үйірмесінің 2022-23 оқу жылында орындалған жұмыстарының жылдық


Е С Е Б І

Фотоүйірменің жұмыс жоспары әзірленіп, бекітілді. Студенттердің мобильді фотосуреттері бойынша көрмесі ұйымдастыруылды. «Түркістан» газетінің жүлдесі үшін «Объективтегі өмір» фотобәйгесі ұйымдастырылды. Фотосуреттер бойынша альбом құрастыруылды. «Қас қағым сәт» атты студенттер арасында фотобәйге ұйымдастырылды. «Менің университетім» атты фотокөрме ұйымдастырылды. «Табиғат көріністері» атты фотобәйге ұйымдастырылды.

3. Оқу жылында орын алған қайғылы жағдайлар (қайтыс болғандар, жол апатына түскендер, т.с.с.). жоқ.

Тәрбие жұмысының жылдық есебі «Журналистика» кафедрасының мәжілісінде қаралып, бекітілді (Хаттама №, «.....» 2023 ж.)

**«Журналистика» кафедрасының
аға әдвайзері, профессор**



Б.Сердәлі